

## Диссертациялық кеңестің 2022 жылғы жұмысы туралы есебі

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті жанындағы 6D073100 – Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі (докторантура мамандығы) бойынша бағытындағы кадрларды дайындау бойынша Диссертациялық Кеңес.

1. Өткізілетін отырыстардың саны туралы деректер.

Диссертациялық Кеңес 10 отырыс өткізді, оның 4-еуі ұйымдастырушылық сипатта және 6-уы диссертацияны қорғауға арналған.

2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық Кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) – жоқ.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттардың тізімі.

1) Исмаилов Б.А. – М. Әуезов ат. Оңтүстік Қазақстан университеті;

2) Сулейменов Н.М. – М. Әуезов ат. Оңтүстік Қазақстан университеті;

3) Байботаева А.Д. – М. Әуезов ат. Оңтүстік Қазақстан университеті;

4) Файз Н.С. – М. Әуезов ат. Оңтүстік Қазақстан университеті;

5) Багова З.И. – М. Әуезов ат. Оңтүстік Қазақстан университеті;

6) Макулбекова Г.О. – М. Әуезов ат. Оңтүстік Қазақстан университеті.

4. Есепті жыл ішінде Кеңес қараған диссертациялардың келесі бөлімдерін бөліп көрсете отырып, қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстардың тақырыбын талдау.

**Б.А. Исмаиловтың диссертациялық жұмысы «ЖАМБ-70»** поликомпонентті минералдық тыңайтқыштар өндірісі бойынша өндірістік нысанның қауіпсіздігін басқарудың жаңа ғылыми негізделген шешімдерін қолдана отырып, ықтимал қауіпті объектілерде төтенше жағдайлардың алдын алу немесе жою үшін жедел іс қимылға көшуді қамтамасыз етуге арналған.

2) диссертациялар тақырыбының «Ғылым туралы» Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкімет жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Диссертация ғылым дамуының басым бағыты 3. Геология, минералдық және көмірсутекті шикізатты өндіру және өңдеу, жаңа материалдар, технологиялар, қауіпсіз бұйымдар мен конструкциялардың 3.10 минералдық шикізатты кешенді және қалдықсыз пайдалану мамандандырылған ғылыми бағытына сәйкес.

3) диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

Ұзақ әсер ететін «ЖАМБ-70» поликомпонентті тыңайтқышын сынау нәтижесінде жылу техникалық режимдер анықталды. Күтілетін жылдық экологиялық-экономикалық тиімділік жылына 16 млн. теңгені құрады.

1) қаралған жұмыстардың тақырыбын талдау.

**Н.М. Сулейменовтың диссертациялық жұмысы Шахтадағы эндогенді өрт қауіптілігінің уақтылы алдын алу үшін шахталық (кеніштік) атмосфераның құрамын талдау негізінде көмірдің өздігінен қызуы сатыларын**

бағалаудың әдістемелік ережелері мен критерийлерін әзірлеу және негіздеуге арналған.

2) диссертациялар тақырыбының «Ғылым туралы» Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкімет жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Диссертация ғылым дамуының басым бағыты 3. Геология, минералдық және көмірсутекті шикізатты өндіру және өңдеу, жаңа материалдар, технологиялар, қауіпсіз бұйымдар мен конструкциялардың 3.10 минералдық шикізатты кешенді және қалдықсыз пайдалану мамандандырылған ғылыми бағытына сәйкес.

3) диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

Ұсынылған әдістемелік ұсыныстарды, температура мен индикаторлық газдар құрамының интеграцияланған критерийлері арасындағы корреляциялық тәуелділіктерді пайдалану көмірдің өздігінен қызуы немесе өздігінен жануы сатыларын қолайлы сенімділікпен анықтауға, осы негізде эндогендік өрт қаупінің алдын алу бойынша шешімдер қабылдауға және, сайып келгенде, өрттер немесе жарылыстар бөлігінде көмір шахтасындағы тау-кен жұмыстарының қауіпсіздік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

1) қаралған жұмыстардың тақырыбын талдау.

**А.Д. Байботаеваның диссертациялық жұмысы** Түркістан облысы өндірістік аймақтарындағы ауыр металл иондарымен ластанған топырақ қабатын люмбрикофаунаның көмегімен рекультивациялау технологиясын жасау және биоремедияциялау мен биоиндикациялау әдісінде қолданылатын жауын құрттары түрлерінің ауыр металл иондарының ықпалына төзімділігі мен реакциялық қабілеттерін анықтауға арналған.

2) диссертациялар тақырыбының «Ғылым туралы» Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкімет жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Диссертация ғылым дамуының басым бағыты 2. Су ресурстарын, жануарлар мен өсімдіктер әлемін ұтымды пайдалану, экологияның 2.2 топырақ сапасының, жердің тозуы мен шөлейттенудің өзекті мәселелерін зерттеу мамандандырылған ғылыми бағытына сәйкес.

3) диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

Өндірістік қалалардың аймақтарындағы топырақ қабатының экологиялық тұрғыда жай-күйін бақылау бойынша ұсыныстар мен олардың сапасын жақсарту бойынша шаралар кешені жасалды. Сәйкесінше, түрлі ауыр металл иондарымен және олардың қосылыстарымен ластанған топырақ түрлерін бақылауға және тазалауға бейім, төзімді жауын құрттары тобын анықтаудың ғылыми негізделген әдістемесі өңделді.

1) қаралған жұмыстардың тақырыбын талдау.

**Н.С. Файздың диссертациялық жұмысы** кернеуі 110 және 220кВ жоғары вольтты электр беру желілері өндіретін электромагниттік өрістің канцерогендік тәуекелдерінің әсер ету дәрежесін анықтауға, технологиялық, климаттық және ландшафттық әсерлер кезінде электромагниттік ластану деңгейінің өзгеруін бағалай отырып, жаңа жоғары вольтты электр беру желілерін салу және пайдалануға беру кезіндегі экологиялық шектеулерді ескере отырып, жаңа санитарлық-қорғау аймағын белгілеуге арналған.

2) диссертациялар тақырыбының «Ғылым туралы» Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкімет жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Диссертация ғылым дамуының басым бағыты 4. Ақпараттық, коммуникациялық және ғарыштық технологиялар бағытына сәйкес.

3) диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

Зерттеу барысында жаңа төмен жиілікті энергетикалық объектілерді салу және пайдалануға беру кезінде санитарлық-қорғау аймақтарын кеңейту бойынша ұсыныстар, ал әзірленген цифрлық карталар санитарлық-эпидемиологиялық сараптама саласындағы стейкхолдерлер мен сарапшыларға нормативтік регламенттеу құжаты түрінде ұсынылды. 110кВ-та санитарлық-қорғау аймағын 50м-ге дейін, ал 220кВ-та 80м-ге дейін кеңейту ұсынылды.

1) қаралған жұмыстардың тақырыбын талдау.

**З.И. Багованың диссертациялық жұмысы** қорғасын өндірісінің техногенді және уытты қождарын кәдеге жарату есебінен өмір тіршілігін қамтамасыз ету деңгейін жоғарылату және қоршаған ортаның экологиялық тепе-теңдігін жақсартуға арналған.

2) диссертациялар тақырыбының «Ғылым туралы» Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкімет жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Диссертация ғылым дамуының басым бағыты 3. Геология, минералдық және көмірсутекті шикізатты өндіру және өңдеу, жаңа материалдар, технологиялар, қауіпсіз бұйымдар мен конструкциялардың 3.10 минералдық шикізатты кешенді және қалдықсыз пайдалану мамандандырылған ғылыми бағытына сәйкес.

3) диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

Түсті металдарды алудың жетілдірілген тәсілінің жаңа технологиясын енгізу кезінде қорғасын өндірісінің техногендік шлактарының адам денсаулығына теріс әсерін азайту есебінен қоршаған ортаның экологиялық жай-күйін жақсарту күтіледі. Экологиялық-экономикалық әсер құрғақ күйдегі 100 мың тонна қалдықтарды қайта өңдеу кезінде жылына 7 680 000 теңгені құрады.

1) қаралған жұмыстардың тақырыбын талдау.

## Г.О. Макулбекованың диссертациялық жұмысы

Сазды шикізаттарды және қоршаған ортаны ластаушы көз ретіндегі өндірістік қалдықтарды зерттеу, қалдықтардың экологиялық қауіптілігін негіздеу және табиғи қоршаған ортаға кері әсерлерін болдырмау үшін оларды қажетке жаратудың технологиясын жасауға арналған.

Диссертация ғылым дамуының басым бағыты 3. Геология, минералдық және көмірсутекті шикізатты өндіру және өңдеу, жаңа материалдар, технологиялар, қауіпсіз бұйымдар мен конструкциялардың 3.14 табиғи шикізат пен техногендік қалдықтар негізінде көп мақсатты жаңа материалдар мамандандырылған ғылыми бағытына сәйкес.

3) диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

Тұрғын үй құрылыс ғимараттарының өртке тұрақтылығын және жылуоқшаулауыш қасиеттерін жоғарылату бойынша тәжірибелік зерттеулермен нақтыланған ұсыныстар өңделді.

Жоғары кеуекті керамзитті грануляттар алу және оларды жылуоқшаулауыш толықтырғыш ретінде қолдану бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелері, шихта құрамын есептеу жолдары, негізгі ұсыныстар инженерлік-техникалық ЖОО оқытушыларымен, түрлі өндіріс салаларының, жобалау институттарының, ғылыми-зерттеу және оқу орындарының ғылыми қызметкерлерімен қолданылуы мүмкін.

Тығыздығы  $900\text{кг/м}^3$  кеуекті керамзитті бетон негізіндегі қалыңдығы 34см бір қабатты қабырға панелі мөлшерленген ылғалдылық 15% кезінде қажетті жылуберу кедергісінің экономикалық тиімді деңгейін  $R_0^{\text{ок}}=0,986\text{м}^2\cdot\text{°C/Вт}$  қамтамасыз етеді, яғни талап етілген жылуберу кедергісінің мөлшерінен 10% жоғары болатыны орнатылды.

5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (сапасыз шолулардың мысалдарымен).

Жоғарыда аталған диссертациялық жұмыстар бойынша рецензенттер диссертациялар мен жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде жан-жақты талдау жүргізді және диссертациялық Кеңес туралы Үлгілік ереженің 5-қосымшаның нысанына сәйкес құзыретті пікірлер ұсынды.

Сапасыз пікірлер болған жоқ.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

«Дәрежелерді беру қағидаларында» және 6-тармақта, атап айтқанда, барлық мақалалар диссертация қорғалғанға дейін, оның ішінде халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда жариялануы тиіс екендігі атап өтілді. Бұл ретте журналдардың қолданылу мерзімі және олардың дерекқордан шығуы туралы жағдайлар айтылмаған.

Диссертациялық Кеңес тек дерекқордағы журналдардың орналасуын бақылай алады.

Осыған байланысты, біз «Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережеде» диссертациялық кеңестердің жауапкершілік мерзімін реттейтін тармақты енгізуді ұсынамыз. Мысалы:

«Диссертациялық кеңестер диссертациялық жұмысты қорғау күніне дейін жарияланған мақалалардың ғылыми-метрикалық мәліметтер базасында

болуын қадағалауға міндетті. Егер диссертация қорғалғанға дейін журнал дерекқордан алынып тасталса, онда қорғау халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда мақала жариялай отырып, мәселе шешілгенге дейін кейінге қалдырылуы мүмкін. Диссертация қорғалған күннен кейін диссертациялық Кеңес журналдың мәліметтер базасында болуын қадағаламайды».

7. Кадрларды даярлау бағыттары бөлінісінде философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алуға арналған диссертациялар саны:


- 1) қорғауға қабылданған диссертациялар – 6;
- 2) қараудан алынған диссертациялар – жоқ;
- 3) рецензенттердің теріс пікірлері алынған диссертациялар – жоқ;
- 4) қорғау қорытындылары бойынша теріс шешімі бар диссертациялар – жоқ;
- 5) пысықтауға бағытталған диссертациялар – жоқ;
- 6) қайта қорғауға бағытталған диссертациялар – жоқ.

6D073100 – Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі (салалар бойынша) мамандығы бойынша диссертациялық Кеңестің төрағасы, т.ғ.д., профессор



Б.Н. Қорганбаев

Диссертациялық Кеңестің  
Ғалым хатшысы,  
PhD докторы



Ш.Қ. Шапалов

« 05 » 01 2023 ж.